



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 36 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2 0 0 7 жылғы 25 қыркүйек**

Ресми қайта қаржыландыру ставкасы туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2007 жылғы 1 қазаннан бастап ресми қайта қаржыландыру ставкасын бұрынғы деңгейінде сақтап, жылдық 9,0% деңгейінде белгілеуге қаулы етті.

Жылдық инфляция деңгейінің жоғарылуына қарамастан, ресми қайта қаржыландыру ставкасының сақталуы банктердің қысқа мерзімді өтімділігінің проблемаларын шешуге, сондай-ақ инфляциялық күтулерді төмендетуге бағытталған.

Ең төменгі резервтік талаптардың нормативтері туралы

Екінші деңгейдегі банктердің қысқа мерзімді өтімділігін реттеу мақсатында Ұлттық Банк Басқармасының көрсетілген отырысында ең төменгі резервтік талаптардың жаңа нормативтерін (5% және 10%) қолданысқа енгізу мерзімдерін 2007 жылғы 9 қазаннан 2008 жылғы 15 қаңтарға ауыстыру туралы шешім қабылданды.